



**«БЕКІТЕМІН»**  
Қаракемер мектеп-  
балабақшасының  
директоры  
*Б. М. Ескалиева*  
«29» тамыз 2024 жыл

**«КЕЛІСЕМІН»**  
Қаракемер мектеп-  
балабақшасының  
тәрбие ісі орынбасары  
*Г. К. Досқалтеева*  
«27» тамыз 2024 жыл



***«Үшқыр ой алаңы» дебат үйірмесінің  
күнтізбелік-тақырыптық жоспары***

**Үйірме жетекшісі: Жұрымбаева Гүлжанат Бекболатқызы**

## Түсінік хат

Пікірсайыс (дебат) – бұл негізгі ережелері бойынша жүргізілетін дискуссияның негізгі формасын ұсынатын интеллектуалды, ұтымды ой, үздік образ, шешендік сөздер тудыратын дарындылар ойыны және тұжырымды ой түйісетін, салиқалы пікір айтылатын жиын. Елбасымыздың «Қазір бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман» сөзінен ой түйетініміз, бүгінгі жаһандану дәуірінде Қазақстан сияқты жас мемлекеттің ары қарай дамуы үшін өз болмыс-бітімін, ана тілін, ұлттық рухын, намысын сақтап қалу, бүгінгі қоғамның ашындыратын мәселелерін талқылап, жастардың бойындағы патриоттық сезімін күшейту, студенттер арасындағы достық сезімді нығайта отырып, оларды қоғамдағы әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге шақыру.

Пікірсайыс немесе дебат грек тілінен «оқимын», ал француз тілінен «талқылау» деген мағынаны білдіреді. Дебат – аргумент арқылы жеңу. Онда қарсы тараптар қоғамды өз сөзіне сендіруі керек. Пікірсайыс – белгілі ереже бойынша қарсы тараптың өз позициясын қорғап, көпшілік алдында сөйлеуі. Ол ораторлық қабілет пен ойлау жүйесін дамытады. Пікірсайыста *маңыздысы* – аргумент, бірақ әр түрлі риторикалық әдістер, аудиториямен жұмыс істеу қабілеті ескеріледі. Ол – шешендік өнердің бір түрі, риториканың бір бөлігі. Демократиялы елдерде президент сайлауы пікірсайыс арқылы өтеді. Дебаттар логикалық және сыни тұрғыдан ойлауды, коммуникативті мәдениетті және халыққа сөйлеу дағдысын дамытады, өздігінен шешім қабылдауға дайындайды, қоғамның болашақ көшбасшылары ретінде тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

### Пікірсайыстың пайдасы:

- Тұлғалық дамуға және көшбасшылық қабілетті арттыруға,
- Сұрақ қою, логикалық және сыни тұрғыдан ойлануға көмектеседі.
- Ақпаратты іздеу, жинау, талдап, өзгеге ұсына алу дағдысын қалыптастырады.
- Топпен жұмыс істеу, тиімді қарым-қатынас орнату тәжірибесін береді.
- Көпшілік алдында сенімді сөйлеу, назарын өзіне аударту, қызығушылығын ояту технологияларын үйретеді.
- Өз пікірін қорғау және қарсыластың дәлелдерін жоққа шығару жолдарын көрсетеді.

Бұл – әсіресе, мектеп оқушылары үшін пайдалы қабілеттер. Өйткені қазіргі кезде жас жеткіншектер өз ойын анық, еркін жеткізуге қиналады. Ал пікірсайыс технологиясы арқылы бұл кедергіні жеңеді. Пікірсайысты педагогика ретінде қарастыру арқылы жаңаша білімді оңай әрі тез қабылдап, оны тек формальды емес, практикалық тұрғыда мәнісін түсінеді. Пікірсайыс тақырыптары барлық саланы қамтығандықтан, жан-жақты базалық білімі қалыптасады. Ал, ол мамандық таңдауда әсер ететіні сөзсіз. Өйткені әр сала жайында сөз қозғап, жақын араласқан адамның сол туралы нақты ойы қалыптасады. Осылайша қалауы анық, таңдауы нық болады.

Пікірсайыс – жетістікке жетудің бір құралы. Н.Бонапарт бұл туралы: «Кімде-кім дұрыс сөйлей алмаса, соның мансап жолы дұрыс құрылмайды» деген. Пікірсайыс ойды жүйелеп, өткір сөйлеп қана қоймай, тыңдап, талдау, эмоцияны ақылға билету, мәселенің мәнін ашып, әр тарапты түсіну мүмкіндігін де сыйлайды.

### Курстың мақсаты:

Дебат - бұл ғылым. Ол философиялық, психологиялық, этикалық, саяси, лингвистикалық ғылым. Осы жан - жақты ғылымды оқушы бойына сіңіру, оны тереңдете меңгерту, өзін қоғамда еркін ұстайтын тұлға қалыптастыру - бүгінгі күннің басты талабы.

«Балалардың бойында ұлы мүмкіншіліктердің бәрі бар» деп Т.Фуллер айтпақшы, жас ұрпақ бойындағы қабілет - қарымын тамыршыдай тап басып бағыт берсе, жасампаздық қасиеттерді бойына сіңіріп

өсетін, нағыз ұлтын сүйер азаматтар елінің тағдырына бей - жай қарай алмайтын, келешегі көркем жастар қалыптасар еді.

### **Курстың міндеті:**

Бұл курстың басты міндеті - оқушылардың ойлау қабілетін арттыру, жұрт алдында сөйлеу қабілетін дамыту, өмірлік құндылықтарды саналы түрде қалыптастыруды үйрету, сөйлеу мәдениетіне қойылатын талаптарға мән бере отырып, шешен сөйлеуге, шешендік өнерді үйренуге машықтандыру болып табылады

Дебат - айтысу этикасын сақтауға, шыншыл болуға тәрбиелейді;

Дебат - өзгенің пікіріне құрметпен қарап, пікірталастыруға үйретеді;

Дебат - анық, әсерлі, нақты сөйлеуге үйретеді, бір мезгілде жазу, ойлау, айту қабілетін жетілдіреді;

Дебат - өмірдің мәнін танып білуге, ізденімпаздыққа, сезімталдыққа, мәдениетті болуға машықтандырады.

### **Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

1. Өзінің ұстанып отырған бағытын дұрыс екендігін дәлелдеп шығу;
2. Кез келген проблеманы не ақпаратты өзіндік тәжірибе ( өмірлік, кәсіби) тұрғысынан қарастыру;
3. Мәселе бойынша өзіндік пікір, түсінік, көзқарас қалыптастыра білу;
4. Ақпаратты шығармашылық тұрғыдан түрлендіру;
5. Шешім қабылдауда басқалармен тиімді түрде ынтымақтасу;
6. Сөз саптай білу, уақытты тиімді пайдалану;

### **Курстың өзектілігі:**

Өмір көптеген проблемалардан тұрады емес пе? Ал ойлай алатын адам олардың шешімін тауып, сол шешімдерді практикада қолдана біледі. Бұл курстың өзектілігі де сол ойлау мен ойлай білетін, сезімге емес ақылға, белгілі бір білімге жүгінетін тұлғаларды тәрбиелеуге негізделген. Бүгінгі күні нақты технологияларға сүйенген қоғам үшін осындай жас ұрпақ өте қажет. Терең ойлай білген адам ғана өмірден өз орнын табады.

### **Курстың жаңашылдығы:**

Әлеуметтік желі дамыған заманда дебаттардың да жүргізілу әдістері өзгере бастағаны, жаңашыл тұрғыда қадам басуы курстың басты ерекшелігі болып табылады. Осы тақырып төңірегінде оқушы ізденіп, ғылыми жұмыс жасауына ықпалы зор. Мысалы әлеуметтік желідегі постар, аудитория жинау, оны белгілі бір кәсіп көзіне айналдыру т.б.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Оқушылардың зерттеушілік қабілетін ояту, ғылыми жұмысқа баулу;
2. Көркемдеп сөйлеудің амал - тәсілдерін игеру;
3. Сөйлей білудің қалыптасқан жүйесін, сөз қолданыстарының қыр - сырын ұғынуға тиіс;
4. Теориялық білімдерін өмірде қолдана білу біліктерін қалыптастыру;
5. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру;
6. Мәдениеті жоғары, адал ,шыншыл, жауапкершілігі мол тұлға тәрбиелеу.

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Дебаты. Искусство побеждать / П. Жданов. — Новоси-бирск: Сиб. унив. изд-во, 2009. — 302 с.

2. «Дебаты»: от теории к практике : руководство / В. И. Куприянова, А. И. Назаров. –Хабаровск : Изд-во ДВАГС, 2009. – 101с.
3. Как побеждать в дебатах: пособие по Британскому (Всемирному) формату парламентских дебатов/ Стивен Л. Джонсон; [Перевод с англ. К. Шиманской, под научн. ред. С. Наумова] – Нью-Йорк, Лондон, Амстердам: IDEA, 2012 – 240с.
4. Т.В.Светенко. Путеводитель по дебатам. Е.Г.Калинкина. Дебаты на уроках истории. Дебаты: Учебно/методический комплект. – М.: Изд/во «Бонфи», 2001. – 296 с.
5. Риторика. Культура оратора / Е.Н.Абрашина. – Москва: МГПУ, 2011. – 186 с.
6. Дебаты: философско-педагогическая интерпретация: учебное пособие /-А.А.Шамшурин, под ред.Н.Б.Поляковой. – Ижевск: Издательский центр «Удмуртский университет», 2020. – 64 с.
7. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары /М.Б.Балақаев, жауапты ред. Ш.Ш.Сарыбаев. – Алматы: Ғылым, 1984. – 182 б.
8. Қазақ әдеби тілінің тарихы: оқулық / Р.Сыздықова. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 319 б.
9. Қазақ әдебиетінің тарихы / М.Әуезов. – Ленинград, 1927.
10. Дебаты в Казахстане. Как появились и охватили всю страну. Ашық интернет желісі: <https://www.soros.kz/ru/debate-in-kazakhstan-how-appeared-and-covered-the-whole-country/>
11. Убеждай и побеждай. Секреты эффективной аргументации / Н.Непрыхин. – Москва: Альпина Паблишер, 2012. -254 с.
12. Методическое пособие по ведению в Британском/Всемирном парламентском формате / Нил Харви-Смит [ перевод А.А.Беляевой]. - Нью-Йорк, Лондон, Амстердам: IDEA, 2012.—208 с.
13. Дебат бағдарламалары Фонд Сорос Қазақстан Алматы «Рауан» 1999 ж.
14. С.Негимов «Шешендік өнер» А, 1997ж.
15. Г.Қосымова «Қазақ шешендік өнерінің негіздері» А, «Білім» 2003ж.
16. Қазақтың би-шешендері Алматы, 1997ж.
17. З.Қабдолов «Көзқарас». Алматы, «Рауан» 1996 ж.
18. Ш. Құдайбердиев. Шығармалар жинағы. Алматы, «Жазушы» 1988ж.
19. М.Мақатаев. Шығармалар жинағы. Алматы, 2002ж.
20. Қазақстан. Ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2002ж.

## Күнтізбелік-тақырыптық жоспар (үлкен топ)

Аптасына 4 сағат, барлығы – 148 сағат

№	Тақырыптар	Сағат саны	Уақыты
1-2	Кіріспе. Пікірсайыс деген не?	2	04.09
<b>1 бөлім. ШІКІРСАЙЫС ЖӘНЕ РИТОРИКА</b>			
3-4	Шешендік өнердің дамуы. Адамзат өміріндегі маңызы.	2	05
5-6	Пікірсайыс тарихы: әлемдегі танымал пікірталастар	2	11
7-8	Халықаралық Пікірсайыс Ассоциациясы «IDEA» және оның құндылықтары	2	12
9-10	Пікірсайыстың қазақи тұрғысынан дамуы	2	18
<b>2 бөлім. ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІҢ НЕГІЗДЕРІ</b>			
11-12	Ораторлық өнердің негізгі принциптері	2	19
13-14	Шешендік өнердің қағидалары	2	25
15-16	<b>Мектепшілік турнир</b>	2	26
17-18	Дауыс техникасы	2	02.10
19-20	Дикция	2	03
21-22	Интонация	2	09
23-24	Тәмп	2	10
25-26	Эмоция	2	16
27-28	Пікірсайыс «Этикасы»	2	17
29-30	Аудиторияда өзін-өзі ұстау мәдениеті.	2	23
31-32	<b>Мектепшілік турнир</b>	2	24
33-34	Әділдік, шынайылық, құрмет	2	30
<b>3 бөлім. ШІКІРСАЙЫС ЕРЕЖЕЛЕРІ</b>			
35-36	Пікірсайыс ережесі туралы түсінік	2	31
37-38	Кэйс	2	06.11
39-40	Практикалық сабақ	2	07
41-42	Практикалық сабақ	2	13
43-44	Тақырыпты анализдеу	2	14
45-46	Проблемалық блок	2	20
47-48	Пікірсайыс тақырыбын анықтау	2	21
49-50	<b>Мектепшілік турнир</b>	2	27
51-52	Кейс түрлері	2	28
53-54	Кейс құрылымы	2	04.12
55-56	Кейс дефинициясы	2	05
57-58	Кейс критерийі	2	11
59-60	Кейстің философиясы	2	12
61-62	Кейсті қорытындылау	2	18
63-64	Ойынға қатысушылардың қызметі	2	19
65-66	<b>Мектепшілік турнир</b>	2	25
67-68	Таймкипер	2	26
69-70	Пікірсайыс форматтары	2	01.01
71-72	Карл Поппер форматы КП	2	02
73-74	Парламенттік формат	2	08
75-76	Британдық парламенттік формат БПФ	2	09
77-78	Линкольн-Дуглас форматы ЛД	2	15
79-80	Президент-Демократ форматы (ПДФ)	2	16
81-82	Модификациялы формат (Модифицированный формат)	2	22

<b>4 бөлім. ДЕБАТ АРГУМЕНТАЦИЯСЫ</b>			
83-84	Кейсті құрастыру	2	23
85-86	<b>Кейсті қорғау</b>	2	29
87-88	<b>Кейстің маңызды элементтері</b>	2	30
89-90	Дебат тезисіне қойылатын талаптар	2	05.02
91-92	Дебат аргументі	2	06
93-94	Спикерлерді бағалау	2	12
95-96	Аргументацияның түрлері	2	13
97-98	Практикалық сабақ	2	19
99-100	Өзекті тақырыптарды таңдай білу	2	20
101-102	Қарсы сұрақтарды құрастыру	2	26
103-104	<b>Ережені сақтау маңыздылығы</b>	2	27
<b>5 бөлім. ДЕБАТТАҒЫ КОНТРАРГУМЕНТАЦИЯ</b>			
105-106	Дебаттағы контраргументация ұғымы	2	05.03
107-108	Контраргументация структурасы	2	06
109-110	Практикалық сабақ	2	12
<b>6 бөлім. ПІКІРСАЙЫС ТАКТИКАЛАРЫ</b>			
111-112	Өткізілген ойынды саралау	2	13
113-114	Практикалық сабақ	2	19
<b>7 бөлім. САРАПТАМА</b>			
115-116	Сараптама түсінігі	2	20
117-118	Практикалық сабақ	2	26
<b>8 бөлім. СҰРАҚ-ЖАУАП</b>			
119-120	<b>Сұрақтың мақсаты мен түрлері</b>	2	27
121-122	Ұтымды жауап беру тактикасы	2	02.04
123-124	Қарама-қарсы сұрақтар негізі	2	03
<b>9 бөлім. ПІКІРСАЙЫС АЛАҢЫНА ДАЙЫНДЫҚ</b>			
125-126	Ақпаратты дұрыс іздеу және тексеру жолдары	2	09
127-128	Ақпараттың сапасына қойылатын негізгі талаптар	2	10
129-130	«Миға шабуыл» технологиясы	2	16
<b>10 бөлім. ТӨРЕШІЛІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ</b>			
131-132	«Әділеттілік» қағидасы және төрешілік әдебі	2	17
133-134	Төрешілік түрлері	2	23
135-136	Шешімге әсер ететін факторлар және топты бағалау	2	24
137-138	Фидбек және төреші парағымен жұмыс	2	30
139-140	Спикерлік ұпай	2	01.05
<b>11 бөлім. ПІКІРСАЙЫС ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ РЕТІНДЕ</b>			
141-142	Пікірсайысты пән және пән элементі ретінде қарастыру	2	07
143-144	Сабақ барысында пікірсайысты ұйымдастыру	2	08
145-146	Пікірсайысты қазақ тілі мен әдебиет сабағында қолдану	2	14
147-148	Пікірсайыстан кейінгі: рефлексия және бағалау	2	15
	Пікірсайыс философиясы нақыл сөздерде	2	21
	Қорытындылау.	2	22

## Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Аптасына 4 сағат, барлығы - 148 сағат (кіші топ)

№	Тақырыптар	Сағат саны	Уақыты
1-2	Кіріспе. Пікірсайыс деген не? Пікір сайыстыру принциптері	2	02.09
3-4	Дебат клубына мүше оқушылардың нақты санын анықтап, жетекші бекіту	2	05
5-6	Пікірсайыс тарихы: әлемдегі танымал пікірталастар	2	09
7-8	Жақтау кейсі. Құрылымы. Жақтау мен Даттау кейсі туралы түсіндіру	2	12
9-10	Практикалық сабақ	2	16
11-12	Спикерлер қызметі	2	19
13-14	Қарсы сұрақ, жауаптар	2	23
15-16	Ойынға сараптама жасаудың түрлері	2	26
17-18	Дауыс техникасы	2	30
19-20	Дикция	2	03.10
21-22	Интонация	2	07
23-24	Тэмп	2	10
25-26	Эмоция	2	14
27-28	Уақыт төрешінің қызметі	2	17
29-30	Аудиторияда өзін-өзі ұстау мәдениеті.	2	21
31-32	Аудиториямен байланыс	2	24
33-34	Ережені жақсы меңгердің бе?	2	28
35-36	Пікірсайыс ережесі туралы түсінік	2	31
37-38	Кэйс	2	04.11
39-40	Практикалық сабақ	2	07
41-42	Прпрактикалық сабақ	2	11
43-44	Пікірсайыстағы сөйлеу ережесін қалыптастыру	2	14
45-46	Практикалық сабақ	2	18
47-48	Пікірсайыс тақырыбын анықтау	2	21
49-50	Төрешілік ету	2	25
51-52	Кейс түрлері	2	28
53-54	Кейс құрылымы	2	02.12
55-56	Кейс дефинициясы	2	05
57-58	Практикалық сабақ	2	09
59-60	Кейстің философиясы	2	12

61-62	Кейсті қорытындылау	2	16
63-64	Ойынға қатысушылардың қызметі	2	19
65-66	Төреші	2	23
67-68	Таймкипер	2	26
69-70	Пікірсайыс форматтары	2	30
71-72	Төреші этикасы	2	02.01
73-74	Парламенттік формат	2	06
75-76	Флоушетті толтыру	2	09
77-78	Ақпарат құралдарын қолдану мәдениеті	2	13
79-80	Интернет жүйесін қолдану мәдениеті	2	16
81-82	Аргументацияның структурасы	2	20
83-84	Мектепшілік турнир	2	23
85-86	Дебат тезисіне қойылатын талаптар	2	27
87-88	Дебат аргументі	2	30
89-90	Аргументацияның формалары	2	03.02
91-92	Аргументацияның түрлері	2	06
93-94	Демонстрация	2	10
95-96	Статистикалық демонстрация	2	13
97-98	Логикалық демонстрация	2	17
99-100	Мектепшілік турнир	2	20
101-102	Дебаттағы контраргументация ұғымы	2	24
103-104	Контраргументация структурасы	2	27
105-106	Контраргументация деңгейлері	2	03.03
107-108	Пікірсайыстағы «Мүдделер балансы» тактикасы	2	06
109-110	Пікірсайыстағы «Мақсаттарды талдау» тактикасы	2	10
111-112	Сараптама түсінігі	2	13
113-114	Сараптама техникалары	2	17
115-116	Мектепшілік турнир	2	20
117-118	Ұтымды жауап беру тактикасы	2	24
119-120	Қарама-қарсы сұрақтар негізі	2	27
	Ақпаратты дұрыс іздеу және тексеру жолдары	2	31
121-122	Ақпараттың сапасына қойылатын негізгі талаптар	2	03.04
123-124	«Ми шабуылы» технологиясы	2	07
125-126	«Әділеттілік» қағидасы және төрешілік әдебі	2	10
127-128	Төрешілік түрлері	2	14
129-130	Шешімге әсер ететін факторлар және топты бағалау	2	17
131-132	Спикерлік ұпай	2	21
133-134	Пікірсайысты пән және пән элементі ретінде қарастыру	2	24
135-136	Сабақ барысында пікірсайысты ұйымдастыру	2	28
137-138	Пікірсайысты қазақ тілі мен әдебиеті сабағында қолдану	2	01.05
139-140	Пікірсайысты тарих пәнінде қолдану	2	05
141-142	Пікірсайыстан кейінгі:рефлексия және бағалау	2	08
143-144	Пікірсайыс философиясы нақыл сөздерде	2	12



145-146	Тарихта шындық үшін, өзінің халқы үшін күресіп құрбан болған тұлғалар өте көп (Алаш зиялылары, Галилео Галилей және т.б.)	2	15
147-148	Саралау	2	19
	Қорытынды	2	22